

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 780 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 221-бабына сәйкес "Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту" инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы ұсынған мемлекеттік емес қарызды өтеуге республикалық бюджеттен қаражат оқшаулауға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтау теңіз сауда порты" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – акционерлік қоғам) "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен ұсынған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы, 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № КИ072-R/05 банктік қарыз шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша қаржыландыру шарттарына мынадай бөлікте өзгерістер енгізу туралы ұсынысына келісім берілсін:

8333333,26 АҚШ доллары (сегіз миллион үш жүз отыз үш мың үш жүз отыз үш доллар жиырма алты цент) мөлшеріндегі негізгі борыш қалдығын өтеу мерзімін 2026 жылғы 25 қаңтарға дейін ұзарту;

8333333,26 АҚШ доллары (сегіз миллион үш жүз отыз үш мың үш жүз отыз үш доллар жиырма алты цент) мөлшеріндегі негізгі борыш қалдығын шартқа қосымша келісімге қол қою күніне валюталардың нарықтық айырбас бағамы бойынша теңгемен конвертациялау;

қарыз бойынша теңгемен сыйақы мөлшерлемесін теңгемен жылдық 7 (жеті) пайыз мөлшерінде белгілеу.

2. Акционерлік қоғамға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамымен қайта құрылымдауды жүргізу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 жылғы 29 желтоқсандағы № 500-013 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы арасында Кепіл шарты түрінде ресімделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін растасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

